9. Облыстық партия комитетінің пленумы Мамлют, Полудень, Приешім аудандарындағы мал басының шығыны тоқтатылмай, малды күту және оны жемшөпмен қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы кемшіліктер жойылмай отырған бірқатар колхоздарындағы өте ауыр жағдайға облыстық партия комитеті бюросы мен облыстық Совет атқомінің назарын аударады.

Облыстық партия комитетінің пленумы облыстық партия комитетінің бюросынан, Мамлют, Полудень, Приешім аудандық партия комитеттерінің бюросынан мал қыстатуды ұйымдастырудағы өрескел кемшіліктерді дереу жоюды, мал шығынына жол бермеуді, малды күтіп бағу ісін жақсартуды және қысқы маусымда мал шаруашылығы өнімділігін арттыруды талап етеді.

10. Облыстық партия комитетінің пленумы қалалық партия комитетінің, көптеген өнеркәсіп орындары бастауыш партия ұйымдарының қамқорлыққа алған колхоздарға және МТС-терге, эсресе мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне көмекті нашарлатып алғанын атап көрсетеді.

Қалалық партия комитеті, өнеркәсіп орындарының бастауыш партия ұйымдары қамқорлыққа алған колхоздарға және МТС-терге мал шаруашылығын өркендету жөнінде, эсресе фермалардағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру ісіне көмекті жақсартуға міндеттейді.

11. Облыстық, аудандық, комсомол комитеттері қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде, мал қыстатуды ойдағыдай өткізуде комсомол ұйымдарының ролін арттыруға және комсомолцтер мен жастардың мал басын аман сақтап, оның өнімділігін арттыру ісіне белсене қатысуына жетісуге міндеттелсін.

12. Облыстық тұтынушылар одағының, «Сельхозснабтың», «Совхозснабтың», облыстық «Заготзерноның» басшыларынан мал өсірушілердің мұқтажын қанағаттандыруға қажетті шараларды жүзеге асыру талап етілсін. Мал өсірушілерге керекті жылы киім, аяқкиім, көпшілік қолды товарлар жеткізу және сату қамтамасыз етілсін, колхоздарды тас көмірмен, мал фермаларын механикаландыруға керекті құрал-саймандармен жабдықтау жақсартылсын.

Аудандарға көбек, концентраттық және минералдық азықтар кезінде жеткізіліп отырылуы қамтамасыз етілсін.

13. Аудандық партия комитеттерінің

# Қызу әзірленудеміз

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауын өткізу жөніндегі Указы жарияланысымен-ақ Петропавл ауданының партия ұйымдары сайлауға әзірлік жұмыстарын дереу қолға алды. Сайлау жөніндегі Ереженің 34-ші статьясына сәйкес жұмысшылар мен қызметкерлер коллективтері, сондай-ақ колхозшылар партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары сайлау комиссияларының құрамына өздерінің таңдаулы өкілдерін ұсынды. Мәселен, Асанов МТС-нің механизаторлар коллективі облыстық Советтің сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссиясының құрамына кандидаттыққа МТС-тің басагрономы Степанов жолдасты, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары таңдаулы сауыншы Старостенко жолдасты, Якор орта мектебінің оқытушылар коллективі қарт мұғалім Спирина жолдасты атады. Сайлау комиссияларының құрамына кәзірдің өзінде 200-дей адам ұсынылды. Ауданда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде бір округ, облыстық Советтің сайлауы жөнінде төрт округ, аудандық Советтің сайлауы жөнінде 35 округ және селолық, поселкелік Советтердің сайлауы жөнінде 159 округ құрылды. Сонымен бірге елді пункттерде 26 сайлау участоктері ұйымдастырылмақ.

Быйылғы сайлаудың ерекшелігі—Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы бір мезгілде, бір күні өткізілетінінде. Мұның өзі барлық ұйымдастыру жұмыстарын егжей-тегжейіне дейін күн бұрын ойластырып, іскерлікпен жүргізуді талап етеді. Алайда сайлаудың табысты өтуі тек ұйымдастыру жұмыстарының дұрыс жүргізілуіне ғана емес, сонымен бірге эсресе үгіт-бұқаралық жұмыстың қаншалықты дәрежеде өрістетіле жүргізілетініне де байланысты. Сондықтан да барлық партия ұйымдарының міндеті халық арасында сайлау алдындағы саяси -бұқаралық жұмысты кеңінен жүргізу, Коммунистік партияның саясатын еңбекшілерге терең түсіндіріп отыру болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыра отырып, Петропавл ауданының партия ұйымдары үгітшілер құрамын қайтадан қарастырып, оларды өте-мөте белсенді және сауатты жолдастармен, таңдаулы мамандар мен және ауыл-село интеллигенттерімен толықтырды. Сөйтіп алда болатын сайлауларға байланысты үгіт-бұқаралық жұмысқа аудан бойынша 324 үгітші қамтылды. Олар 27 үгіт коллективіне біріккен. Үгітшілер коллективінің 17-інде (Асанов МТС-інде, «Красный пахарь» колхозында, Асанова разъезінде, Дмитриев атындағы колхозда және басқаларында) үгітшілердің семинар-кеңестері өткізілді. Бұларда өткен сайлау науқанындағы жұмыстардың нәтижесі қорытылып, саяси-бұқаралық жұмысты онан әрі өрістету міндеттері талқыланды. Бұл кеңестерде таңдаулы үгітшілер өздерінің жұмыс тәжрибелерін ортаға салды.

Өткізілген кеңестерден кейін үгітшілердің көпшілігі өз сайлаушыларының арасында болып, олармен әртүрлі тақырыпта әңгімелер өткізді. Киров атындағы колхоздың үгітшісі Емельянова жолдас товарлы сүт фермасының малшыларыжоғары заң» деген тақырыпта әңгіме жасады. Калинин атындағы колхоздың үгітшісі Полинский жолдас сайлаушыларға Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының сайлау күні жөніндегі Указын, сайлау жөніндегі Ережені түсіндірді. Оның әңгімесінің үстінде бірқатар сайлаушылар сайлау күніне дейін өз жұмыстарында елеулі табыстарға жету жөнінде нақтылы міндеттемелер алды. Сондай-ақ үгітші сайлау қарсаңындағы қабылданған міндеттемелерге арнап, жауынгерлік листок шығарды.

Үгіт-бұқаралық жұмыстың жоспарлы және жан-жақты жүргізілуі үшін аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде ауданда саяси-бұқаралық жұмысты жүргізу шараларының толық жоспарын жасап, бекітті. Бұл жоспарға сайлау науқаны кезінде өткізілетін лекциялардың, баяндамалар мен әңгімелердің үлгі тақырыптары тіркелді.

Бірқатар партия ұйымдарында саяси-бұқаралық жұмысты күшейту мақсатымен аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдары секретарьлары мен үгіт пункттері меңгерушілерінің нұсқау- кеңестерін өткізді. Үгіт жұмысын күшейту міндеттері жөнінде аудандық партия комитетінің секретары Пономарев жолдас кеңесте сөз сөйледі. Мұнда сайлау қарсаңында еңбекшілердің мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге бағытталған социалистік жарысын кеңінен өрістету мәселесіне ерекше назар аударылды.

Саяси-бұқаралық жұмыстың орталығы үгіт пункттері болып табылуға тиіс. Кәзіргі кезде ауданда 13 үгіт пункттері ашылып, жұмыс істейді. Олар жақсы жабдықталған. Үгіт пункттерінің бәрінде де жаңа газет, журналдар, сайлау жөніндегі әдебиеттер, сондай-ақ саяси және көркем әдебиеттер де бар. Бұларда үгітшілердің кезекшілігі де ұйымдастырылды.

Алайда бізде үгіт-бұқаралық жұмыстың әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Бірқатар партия ұйымдары (Чапаев атындағы, «Казақстанның 30 жылдығы», Буденный атындағы колхоздарда және басқаларында) үгіт коллективтері күні осы уақытқа дейін бұқаралық-саяси жұмысқа кіріскен жоқ. Олар «сайлауға дейін күн көп, үлгереміз» деп, жайбарақаттыққа салынуда. Кейбір бастауыш партия ұйымының секретарьлары, мәселен Киселев (Петропавл совхозы), Нагорнов (Дмитров атындағы колхоз) жолдастар үгітшілердің кеңестерін өткізумен және олардың жұмыстарын формальды есепке алумен ғана тынып жүр. Олардың өздері үгітшілердің әңгімелеріне қатыспайды, сөйтіп істің жайын жақсы білмегендіктен үгіт жұмысының сапасын жақсартуға әсер ете алмай келеді.

Бастауыш партия ұйымдарының міндеті орын алып отырған кемшіліктерді жеңдел жою, саяси үгіттің дәрежесін жоғары көтеру,сайлау күнін еңбектегі табыстармен лайықты қарсы алу үшін аудан еңбекшілері арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін бірауыздан дауыс беруді қамтамасыз ету болып табылады.

**Г. АБРОСИМОВ,**

**ККП Петропавл ауданык**

ұқыпты жұмсауға қажетті шараларды қолданбады. СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының жемісінен азықтандыруды тек дайындалған түрінде ғана ұйымдастыру жөніндегі қаулысын өте қанағаттанғысыз орындады.

Көптеген колхоздар жергілікті партия, совет органдарының немқұрайды қарауының салдарынан жаңадан мал қорасы құрылыстарын салуды, ескі мал қораларын жөндеуді уақытында аяқтамады. Мал қыстату басталған кезде едәуір колхоздарда мал қораларының төбесі ашық күйінде қалды. Мал қораларын салу мен әзірлеу ісі, әсресе, Октябрь, Полудень аудандарының колхоздарында өте нашар халде.

Қазақстан КП обкомінің пленумы көптеген партия, Совет атқомдарының, МТС-тер мен совхоз директорларының мал шаруашылығының кадрларын іріктеп алуға жеткілікті назар аудармайтындығын, бірқалыпты жұмыс істеу үшін қажетті жағдай жасамайтындығын ерекше атап көрсетеді. Приишім ауданының колхоздарындағы мал фермаларында 49 сауыншы, 34 бұзау күтуші, 72 мал күтуші, 29 шопан жетпейді. Осыған ұқсас жағдай Совет, Октябрь және Мамлют аудандары колхоздарында да орын алып отыр.

Көптеген колхоздар мен совхоздарда малды күту тәзгісіз нашар ұйымдастырылған, мал дұрыс суарылмайды, оларды азықтандыру бірқалыпта жүргізілмейді, көптеген қоралар, әсресе, жас төлдер тұратын қоралар дымқыл, былғаныш.

Малды қыстатуға әзірлікті қанағаттанғысыз жүргізудің және олардың нашар күтілуінің салдарынан өткен жылдың октябрь, ноябрь, декабрь айларында көптеген мал басы шығын болды. Осы мерзім ішінде Приишім ауданы колхоздарында 1463 бас қарамал, қой және шошқа сыяқты, колхоздар мен совхоздарды құрал- саймандармен, азық дайындау, тағы басқалары сыяқты еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға қажетті құралдармен нашар жабдықтайды.

Облыстық партия комитетінің пленумы, сонымен бірге, көптеген колхоздарда еңбекақы төлеуде колхозшылардың материалдық ынталылығы принциптерінің бұрмалануын мал шаруашылығына баспылық етудегі елеулі кемшілік деп есептейді.

Қазақстан КП обкомінің пленумы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының 1954 жылғы 29 декабрьдегі «Облыс колхоздары мен совхоздарының мал қыстатуға әзірліктегі және оны өткізудегі кемшіліктер туралы» қаулысы басшылыққа алынып, орындалсын.

2. Қазақстан КП облыстық комитетінің бюросы, облыстық Совет атқомі, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, совхоздар тресі, аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері, МТС пен совхоз директорлары, колхоз басқармалары, бастауыш партия ұйымдары мал қыстатуды өткізудегі елеулі кемшіліктерді жоюдың барлық қажетті шараларын қолданып, барлық қоғамдық мал басының толық сақталуын қамтамасыз етуге және қысқы маусымда оның өнімділігін арттыруға жетісуі міндеттелсін.

3. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына, совхоздар тресіне, аудандық партия комитеттеріне, аудандық Совет атқомдеріне, МТС, совхоз директорларына, колхоз басқармаларына мыналар міндеттелсін:

а) 1955 жылдың 20 январына дейін қосымша сабан жыйнау және басы артық жемшөптері бар колхоздар мен совхоздарсына, облыстық Совет атқомінe, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына, совхоздар тресіне, аудандық партия комитеттеріне, аудандық Совет атқомдеріне қоғамдық мал шаруашылығын жай, құнарлы және концентрат азықтармен толық қамтамасыз ету үшін бір ай мерзім ішінде әрбір аудан, колхоз, совхоз бойынша мал азығының берік базасын жасаудың практикалық шараларын белгілеу, жазғы уақытта малды лагерьлеп бағуды ұйымдастыру жүктелсін.

7. Пленум облыстық және аудандық партия комитеттерінің бюросынан, облыстық және аудандық Совет атқомдерінен, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан, совхоздар тресінен мал шаруашылығын өркендетуде фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда, ірі сабақты азықтарды алдын-ала әзірлеуде, жемшөп тасу, тағы басқа сол сыяқты жұмыстарды жүргізуде МТС және совхоз директорларының, ауыл шаруашылығы мамандарының ролі мен жауапкершіліктерін арттырып отыруды талап етеді. Аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері әрбір колхоз, совхоздардағы мал қыстатудың жайы мен күнбе-күн танысып отыруға, артта қалған колхоздардың басқармасы және партия ұйымдарымен бірге мал фермаларында жұмысты жақсарту үшін нақтылы шаралар белгілеуге, мал басының шығынын тоқтатуға және малды азықпен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізуге аудандық партия комитеттерінің бюро мүшелерін, аудандық Совет атқомдері мүшелерін жіберіп отыруға міндетті.

8. Колхоз, МТС, совхоз бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсарту, мал қыстатуда орын алып отырған елеулі кемшіліктерді жою үшін коммунистердің, комсомолецтердің, барлық колхозшылар мен ұжымшылар жиналыс жөнінде қамқорлық жасау—Коммунистік партия үшін аса

Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

## Саяси оқуға мән берілмей отыр

Жданов атындағы колхоздың партия ұйымында 18 адам бар. Олардың бәрі де өздерінің саяси білім дәрежесін көтере беруге, маркстік- лениндік жеңімпаз білімді меңгеріп, оны өздерінің практикалық жұмысында творчестволықпен қолданып отыруға ынталы. Алайда колхоз коммунистерінің оқуы быйылғы жылы мүлде нашар ұйымдастырылды. Тіпті оқу жылының басында да коммунистерден кім партия оқуының қай формасын қалайтыны жөнінде бірде- бір адам сұрастырған да жоқ. Ал аудандық партия комитетінің секретары Болатбаев жолдас күз басында біздің колхозға бір келгенінде:

—Сіздің ұйымға насихатшы бөлінбейді, быйыл өздігінен оқыйтын боласыздар, —деген болатын.

Міне, содан бері аудандық партия комитетінің секретары берген «өмірмен» колхоз коммунистерінің көпшілігі көзір партия тарихын өздігінен ұйренін жүр. Алайда біздің ұйымдағы коммунистер өткен жылдары да СОКП тарихының қысқаша курсын өздігінен оқыған болатын. Сондықтан кейбір жолдастар күні осы уақытқа дейін оқуға кіріскен жоқ, немесе қай тараудан бастауды, қандай тақырыптарды таңдап алуды білмей жүр. Аудандық партия комитетінен, не Николаев МТС-нің аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобынан саяси оқу жүйесінде өздігінен ұйреніп жүрген жолдастарға әлі бірде-бір нұсқау, көмек берілген емес. Оқу жылы басталғалы үш айға жуық уақыт өтсе де, біздің колхозда не коммунистер үшін, не колхозшылар үшін лекциялар оқылған жоқ.

Колхозда комсомолецтердің саяси оқуына да мән берілмей отыр. Бастауыш комсомол ұйымының есебінде 23 адам бар. Олар СОКП тарихын ұйірмеде ұйренгісі келеді. Бұған мүмкіншілік жеткілікті. Комсомолецтердің көбінде 7 және 10 кластық білім бар. Алайда аудандық комсомол комитеті, оның секретары Шайпин жолдас колхоз жастарының тілегіне құлақ аспай келеді. Насихатшы болмағандықтан, немесе тағайындалмағандықтан көзір колхоз комсомолецтері саяси оқуға кіріскен де жоқ.

Партия, комсомол оқуы жүйелеріндегі мұндай төзгісіз кемшіліктерді үзілді-кесілді жою керек.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ,**
**Преснов ауданы.**

## Білімдерін арттыруда

Совет ауданындағы «Аралағаш» ауыл-шаруашылық артелінің бастауыш партия ұйымы коммунистердің саяси білімдерін арттыруға күнбе-күн басшылық жасап келеді. Мұнда партия тарихының қысқаша курсын ұйрену жөніндегі ұйірме (негізгі типті) жұмыс істейді. Ұйірмеде 13 тыңдаушы-коммунист бар. Олардың бәрі де сабаққа уақытында қатысып отырады. Негізгі программалық материалдармен бірге ұйірме тыңдаушылары партияның XIX съезінің және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март, июнь Пленумдарының қаулыларын да ұйренін жүр.

Коммунистердің идеялық-саяси дәрежелерін арттыруда насихатшы Хасенов жолдас тыңғылықты жұмыс істеп келеді. Ол сабақтың идеялық дәрежесі жоғары болып өтуіне әрдайым көңіл бөліп, өтілетін әрбір тақырыпты колхоздың шаруашылық өмірімен тығыз байланыстыра түсіндіріп отырады. Сондай-ақ, Хасенов жолдас тыңдаушыларға программадан тыс мәселелер жөнінде де әңгімелер, лекциялар және баяндамалар жасап жүр. Мәселен, соңғы кезде ол рылми-атеистік, жаратылыстану-рылми тақырыптарда бірнеше әңгіме өткізді.

Ұйірме тыңдаушылары Бекқожин, Сейітқереев, Қабікеев, Тілеулина және басқа да коммунист жолдастар насихатшы түсіндірген материалдарды жақсы меңгеруде.

**О. ҒАБДУЛЛИН.**

## Инженер Манюковтың үнемді блоктары

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Жаңашыл инженер Георгий Алексеевич Манюков қабырғаларды жеңіл қалаудың әдісін ұсынды. Бұл әдісті қолданғанда «Қарағандашахтастрой» комбинаты өткен жылы бір жарым миллион сом қаржы үнемдеді.

Комбинаттың құрылыс материалдары кәсіпорындары кәзір кірпіш-бетон блоктар шығара бастады. Бұларды жасаудың технологиясын да Г. А. Манюков белгіледі. Блоктар қалыңдығы 12 сантиметр кірпіш құтылардан құралады. Нығыз болып шығуы үшін оның ішіне сына кірпіштер толтырылады. Кірпіш құтылар цемент ерітіндісінен жасалады, одан кейін оның ішіне шлак немесе күйік жыныстар толтырылады, бұл жұмыс выбрация столында жылжымалы металл опалубка арқылы жүргізіледі. Бетонды құтының ішінде толтырып нығыздағаннан кейін металл опалубка екі түсқа бір жарым сантиметр жылжыйды. Пайда болған санылауды ерітінді құйып толтырады, ол штукатурканың сыртқы және ішкі қабаты болып құралады.

## Әрбір сыйырдан 5000 литр сүт сауылды

Көп сүт алу жолындағы күресті біз сыйырлардың бұзаулауындағы маусымдықты жоюдан бастадық. Бұрын сыйырлар негізінен кәктемде ғана бұзаулайтын. Мұның өзі фермадағы жұмысты шамадан тыс қыйындататын. Қаншама әрекеттенсек те, біз сыйырларды тез сүтейту ережелерін орындай алмадық. Кәзір бұзаулау бүкіл жыл бойына біркелкі өтетін болды. Мұның өзі сауын сыйырлардың күтімін жақсартуға мүмкіндік берді. Бір тәулікте сауылатын сүттің орта мөлшері едәуір дәрежеде бірқалыпты болады.

Маған бекітіліп берілген бір топ сыйырдан қыс кезінде бір тәулікте сауылатын сүттің орта мөлшері мен сапасы жаздағылан кем түспейді. Мен әрбір сыйырға қыста берілетін азық күремын жасауға зор көңіл бөлемін. Зоотехниктің кеңесі бойынша сабан жемшөпті малға белгілі бір мөлшерде концентраттармен, сүрі шөпмен және тамыржемістермен сәйкестіре беремін. Сабан мен пішенді турап аралас азық жасаймын. Быйылғы қыста туралған сабан мен пішеннің жұғымдылық қасиетін арттыру үшін оны тұзды ерітіндіге батырып, осы күйінде біртәулік сақтаймыз. Жемшөпті малға берер алдынан ыстық сумен булауды практика жүзінде кеңінен қолданамын.

Тойындыра, мол азықтандырып, жақсы күтіп, мен сыйырлардың өнімділігін арттыра алдым. Әрбір сыйырдан жылына орта есеппен 3800 литрден сүт саудым. «Альба» сыйыры 6000 литрдей сүт берді, сүтінің майлылығы 4,1 процент болды. Үш сыйыр 5000 литр сүт бере алатындай етіліп сүтейтілді.

Совхоз малшылары, әсресе біздер, сауыншылар, сауын малының сүттілігін онан әрі арттыру үшін күресудеміз. Мен быйылғы жылы өзіме бекітіліп берілген әрбір сыйырдан орта есеппен 5000 литрден сүт саууға міндеттендім. Менің құрбыларым Д. Плетнова мен А. Сольнакте осындай міндеттеме алды.

**К. КОЛОТОВА,**
**Ақмола совхозының сауыншысы.**

(ҚазТАГ).

## 33 мың ауыр салмақты поезд

Түрксиб машинистерінің 1954 жылы ауыр салмақты поездар жүргізу жолындағы жарысының қорытындылары шығарылды. Бір жылда ауыр салмақты 30 мың поезд жүргізу жөніндегі социалистік міндеттеме едәуір асыра орындалды. Магистраль арқылы ауыр салмақты 33,5 мың поезд өткізілді. Мұның өзі жол коллективінің салмақ нормасынан тыс миллиондаған тонна жүк тасуына мүмкіндік берді.

Ауыр салмақты барлық поездардың бестен бір бөлегіндейін Жамбыл паровоз депосының машинистері жүргізді. Олар жаппай астық тасу кезінде көптеген инициатива көрсетті. Астық тасуды тездету үшін жамбылдықтар астық тиеген поездарды қосарлап жүргізуді қолданды. Алматы депосының паровозшылары ауыр салмақты поезд жүргізушілердің қозғалысын өрістетуге зор үлес қосты. Ата машинист Гришаевтің үлгісі бойынша олар ауыр салмақты эшелондарды екі паровоз орнына бір паровозбен жүргізетін болды.

(ҚазТАГ).

## ӨНІМДІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Октябрь ауданына қарасты Абай атындағы колхоздың колхозшылары үстіміздегі жылы егіннен мол өнім алудың негізгі шараларын жүзеге асыруда. Колхозда өткен жылы 2 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер игерілді. Егіс көлемі быйыл өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылады. Колхозда 4 мың гектардан астам пар мен зябь дайындалды. Мұның өзі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізуге қолайлы жағдай жасайды.

Колхозшылар егіннен мол өнім алу сапалы тұқым әзірлеуге тікелей байланысты екендігін жақсы түсінген. Сондықтан да олар бұл жұмысты ұлғілі жүргізуде. Мұнда кәзірдің өзінде 3800 центнер тұқым тазартылып, себу дәрежесіне жеткізілді.

Тұқым тазартуда астық тазартқыштар өнімді пайдаланылып келеді. Колхозда «ВИМ» астық тазартқышы үздіксіз жұмыс істеуде. Онымен смена сайын 100 центнер тұқым тазартылады. Мұнымен жұмыс істеуші колхозшылар Мұқанов, Үмітбаев, Жақыпова, Смағұлова және Көпенова жолдастар күнделік жұмыс тапсырмаларын асыра орындайды.

Колхоз басқармасы тұқым тазартуды екі сменада ұйымдастырған. Сменалар бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, еңбектің өнімді болуына жетісіп жүр. Жақын арада колхозда тұқым тазарту жұмысы толық аяқталады.

**М. БАЛАХМЕТОВ.**

# Барлық күш малды шығынсыз күйлі өсіруге жұмсалсын

★ ★ ★

## Қызу қолдады

Жақында «Еркіндік» ауылшаруашылық артелінің мүшелері Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозы колхозшыларының облысымыздың колхоздарын мал қыстатуды үлгілі өткізуге шақырған үндеуін жалпы жыйналыста талқылап, оны бірауыздан қолдады.

Үндеудің жекелеген пунктіне байланысты мал шаруашылығындағы колхоз шылар мал күтімін жақсартып, оның өнімділігін арттыруға міндеттеме алды. Жыйналыста сөйлеген колхоз сауыншысы Шәріпова жолдас:

—Мен өткен жылы қарауыма бекітілген 14 сыйырдың әрқайсысынан орта есеппен 1400 литр сүт саууға міндеттенген едім. Бұл міндеттемені толық орындап шықтым. Ал үстіміздегі жылы сауын сыйырлардың күтімін жақсарта беру нәтижесінде әрбір сыйырдан орта есеппен кемінде 1600 литр сүт сауамын, —деді.

Сыйыр фермасының меңгерушісі Омаров жолдас қыс маусымында барлық малды өзірленген азықпен қамтамасыз ету, малдың өнімділігін барған сайын арттыра беру жолында еңбектенетіндігін айтты.

Колхозшылар жыйналысы малды қысқы күтімге алу, жемшөпті дұрыс жұмсау және бұл жөнінде болып келген кемшіліктер жайында сын пікірлер айтып, мал шаруашылығын өркендету жолында алда тұрған міндеттерге тоқталды, сөйтіп, мал өсірудің үстіміздегі жылға арналған жоспарын белгіледі.

**Д. МӘЖЕНОВА,**
**Совет ауданы.**

## Комсомолецтер мал фермаларында

Конюхов ауданы, «Красная крепость» колхозы колхозшыларының мал шаруашылығы жұмыстарын жақсарту жөніндегі үндеуін Преснов ауданындағы Жданов атындағы колхоздың комсомолецтері қызу қарсы алды. Колхоз комсомол ұйымы үндеуді талқылап, таңдаулы комсомолецтер мен жастарды мал фермаларында жұмыс істеуге жіберуді ұйғарды. Кезір олардың көпшілігі мал фермаларында жұмыс істеп, өздерінің үздік еңбектерімен үлгі көрсетуде. Мәселен, трактормен мал қоралары жанына шөп тасуда жүрген Ш. Өсеміров, И. Ыбраев, Қ. Кенжеболатов, Е. Жәнібеков жолдастар өздерінің күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындап, қоғамдық малды жемшөпмен қамтамасыз етуге жетісіп жүр. Сол сияқты мал күтушілер Д. Мырзалин, А. Алдабергенов жолдастар өздерінің қарауындағы малдардың мезгілінде азықтандырылып, күтілуін қадағалап отырады.

Көптеген комсомолецтер мал фермаларында үгітші болып істейді. Үгітші комсомолецтер А. Качемова, А. Мұқышова, Ж. Ырсаев малшылар арасында жиі болып, жаңа тәжірибелерді сыйлап та

## Жауапсыздықтың салдары

Октябрь ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының басшылары қоғамдық мал үшін жемшөп қорының берік базасын жасауға қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық жұмылдыра алмады. Шөп шабу науқанының қызу кезінде шөп машиналарының бірсыпырасы жұмысқа қосылмады. Ал жұмысқа қосылған машиналар күндік тапсырмаларды толық орындап отырмады. Осының салдарынан колхоз жемшөпті жоспардағыдан төрт мың центнердей кем дайындады.

Осылай болғандықтан колхоз басшылары жемшөпті мал қыстатудың алғашқы күнінен бастап ұқыпты жұмсауды ұйымдастырулары керек еді. Бірақ, амал не, колхоз председателі Дундуков жолдас мұны да ескермеді. Ол қоғамдық малға деген жемшөптің 1200 центнерін кім көрінгенге заңсыз таратып берді. Сондай-ақ Дундуков жолдас Петропавл қаласынан алынған 229 центнер кебектің де 100 центнерін қалада кім көрінгенге сатып кетті.

Мал азығын жұмсауға колхоз басшыларының мұншама жауапсыз қарауынан дайындалған жемшөптің біразы бейберекет жұмсалды. Мысалға мынадай бір фактіні алайық: Колхозда 1954 жылдың басында 10 сыйыр бруцеллез болып ауыратыны анықталған-ды. Колхоз басшылары мен мал мамандары ауру сыйырларды бір бөлек күтіп-бағуды кезінде ұйымдастырмады. Сондықтан күзге дейін бруцеллез сыйырлардың саны 150-ге жетті. Бір неше ескертпеден кейін тек өткен күзде ғана ауру сыйырлар бөлек күтілетін болды. Бірақ оларға бөлінген жемшөп малдың қолда бағыла бастаған алғашқы күнінен бастап, қалай болса солай жұмсалды. Оның ақыры тек бруцеллез сыйырларға берілетін шөптің 400 центнерден астамы нормадан артық жұмсалуына әкеліп соқты. Колхоз председателі Дундуков жолдас артық жұмсалып кеткен шөптің орнын жабу үшін сыйырларға күнделікті берілетін азық мөлшерін едәуір кемітті. Сонымен бірге малшыларға «сыйырларды күндіз тоғайдағы тал басын шалуға шығарып отырыңдар» деп «нұсқау» берді. Кезір азықтандыру нормасы кемітілгендіктен және күндіз азықтандырылмастан далаға шығарып жіберілетіндіктен сыйырлардың қондылығы күрт төмендеді. Кейбір сыйырлар іш тастай бастады. Сол сияқты, күтімнің, азықтандырудың нашарлығынан қой, шошқа фермаларындағы малдардың да қондылығы төмендеп кетті.

Мал қыстатудың жайы төзгісіз нашар екендігіне қарамастан Коновалов МТС-нің басшылары мен мамандары бұл колхозға практикалық көмек көрсетуден тысқары қалып келеді. МТС-тің бас зоотехнигі Шопанов жолдас «Путь к коммунизму» колхозына өте сирек келеді. Колхоздың фермаларындағы нақтылы жағдайды білмейді. Участоктік зоотехниктердің жұмысына басшылық, бақылау жасамайды. Ал МТС-тің аға мал дәрігері Кирилова жолдас колхоздарда болып тұруды өзінің міндеті деп есептемейді.

МТС басшылары мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмысты механикаландыру ісіне көңіл аудармайды. Аталған колхозда заводта жасалған жемшөп бұлағыш, сабан тұрағыш машиналар бар. Бірақ МТС мамандары бұл машиналарды ірі сабақты азықты малға алдын-ала өзірлеуге пайдалануды-ұйымдастырмай отыр. Сондықтан колхозда сабантопан малға өзірленбестен сол күйінде беріледі. Ол-ол ма, колхоз сыйыр сауатын электрлі агрегат сатып алғалы быйыл төртінші жыл. Міне, содан бері бұл агрегат пайдаланылмай келеді. Оны орнатуға МТС мамандары көмектеспейді.

Мал шаруашылығына басшылықтың нашарлығы салдарынан колхозда 1954 жылы мал басын өсірудің жоспары бірде-бір түліктен орындалмады, сүт, ет, жүн өнімдері өте аз алынды. Колхоздың мал шаруашылығынан алатын табысы едәуір кеміп кетті.

«Путь к коммунизму» колхозында, сол сияқты ауданның басқа да бірқатар колхоздарында мал қыстатудың жайы өтемете нашар екенін аудан басшылары білмейді емес. Бірақ, не пайда, аудандық партия комитетінің секретарьлары Патютько, Корпич, аудандық Совет атқомінің председателі Мусин жолдастар колхоздардың мал фермаларында өте сирек болады. Малшылардың еңбегін ұйымдастыру жұмыстарының жайына бақылау жасамайды. Мал азығын үнемдеп жұмсау тәртібін дұрыс жүзеге асырып отыруды колхоз басшыларынан қатаң талап етпейді. МТС-тің мал шаруашылығына басшылық ету ролін күшейтуді ұйымдастырмайды.

Бұл сияқты кемшіліктерден арылатын уақыт жетті. Сондықтан аудан, МТС, колхоз басшылары мал қыстатуда орын алып келген кемшіліктерді дереу жоюдың шығыл шараларын белгілеп, оны қалтқысыз жүзеге асыруды қамтамасыз етулері керек. Сөйтіп, малдың қыстан қоңды, шығынсыз шығарылуына жетісу қажет.

**Т. КӘДІРОВ.**

**(Арнаулы тілшіміз).**

## Фермада еңбек тәртібі нашар

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендету жолында бірқатар жұмыстар істеп отыр. Мұнда өткен жылы мың бастық қой қоның құрылыс жұмысын аяқтауды колхоз басшылары ескермейді. Осы себепті жаңадан туған бұзаулар сауыншылардың үйді-үйінде күтіледі.

Мал қыстатудың барысында МТС кол-

## Облыс МТС-тері мен совхоздарында трактор және комбайн жөндеу жоспарының орындалу барысы туралы

**1955 жылғы 10 январьдағы мәлімет**
(Жыллық жоспардың орындалу проценті)

| МТС-тер бойынша | Трактор жөндеу | Комбайн жөндеу |
|---|---|---|
| Интернационал | 62,1 | 18,5 |
| Тимирязев | 57,1 | 13,9 |
| Куйбышев | 56,5 | — |
| Ленин | 55,2 | 5,7 |
| Сартомар | 55,2 | — |
| Преснов | 53,0 | 1,0 |
| Баян | 52,8 | 10,4 |
| Суворов | 52,7 | 2,5 |
| Калинин | 52,3 | — |
| Булаев | 51,8 | 13,5 |
| Соколов | 51,3 | 2,5 |
| Совет | 51,0 | 12,3 |
| Торанғұл | 50,0 | 15,3 |
| Петропавл | 50,0 | 4,9 |
| Ново-Георгиев | 50,0 | — |
| Чапаев | 49,4 | 3,0 |
| Приишім | 49,4 | 1,0 |
| Шағлы | 48,6 | 1,4 |
| Коновалов | 48,4 | 7,2 |
| Николаев | 48,1 | 1,7 |
| Вильямс | 47,0 | 4,0 |
| Полудень | 47,0 | 4,0 |
| Чистян | 46,9 | — |
| Майбалық | 45,9 | 2,2 |
| Семиполка | 45,4 | 1,4 |
| Ворошилов | 45,4 | — |
| Налобин | 44,7 | 16,7 |
| Пушкин | 44,2 | 5,3 |
| Ильич | 43,2 | 1,6 |
| Асанов | 42,5 | — |
| Образцовая | 39,3 | — |

| Совхоздар бойынша | Трактор жөндеу | Комбайн жөндеу |
|---|---|---|
| Хрущев | 106,0 | — |
| Дзержинский | 100,0 | 100,0 |
| Тимирязев | 100,0 | 50,0 |
| Докучаев | 97,5 | 100,0 |
| Маленков | 97,3 | 100,0 |
| Булаев | 97,2 | 66,6 |
| Ешім | 94,8 | — |
| Жданов | 89,2 | 72,7 |
| Украин | 86,4 | — |
| Интернационал | 84,2 | — |
| Москворецкі | 79,4 | — |
| Петропавл | 70,3 | — |
| Степной | 68,4 | — |
| Явленка | 67,5 | 17,4 |
| Мамлют | 66,6 | 28,5 |
| Октябрь | 65,0 | 53,8 |
| Буденный | 63,6 | 30,7 |
| Приишім | 63,4 | 40,7 |
| Киров | 62,8 | 4,6 |
| Чистов | 60,3 | 17,4 |
| Шағлы | 57,8 | 14,6 |
| Торанғұл | 56,1 | 30,0 |
| Преснов | 55,1 | 17,6 |
| Қарағанды | 55,0 | 15,0 |
| Совет | 51,7 | 24,3 |
| Ұзынкөл | 50,0 | 56,9 |
| Қызылөскер | 49,3 | — |
| Тоқпын | 48,1 | 30,0 |
| Возвышен | 47,9 | 42,8 |

*Бесжылдықтың ақырғы жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс*

## Коллективтік шарт мүлтіксіз орындалсын

Завод, фабрика және өндіріс комбинаттары басшыларының кәсіподақ ұйымдарымен жыл сайын жасасатын коллективтік шарттары өндірісте еңбек ұйымдастыру ісінде аса маңызды орын алады. Коллективтік шарт жасасу —өндірісті өркендетуге, еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өзіндік құнын көптеп кеміте беруге көмектеседі. Онымен бірге, еңбек ұйымдастыруды жақсартуға және шаруашылық жұмыстарымен шұғылданушылардың, кәсіподақ ұйымдарының өз жұмыстарына жауапкершілігін арттырады. Сөйтіп, өндірісте еңбек ететін жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің материалдық әл-ауқатын барған сайын жақсарта беруге жағдай тұғызады.

Өткен 1954 жылда облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесі жүйесіндегі 10 өндіріс комбинаты коллективтік шарт жасасты. Бұл комбинаттардың көпшілігіне коллективтік шарт жасасу, мемлекеттік жоспарды белгіленген мерзімнен едәуір бұрын орындап шығуға, сондай-ақ, өнімді көп және сапалы шығаруға, жұмысшы қызметкерлердің мәдени-тұрмысын одан әрі гүлдендіре беруге көмектесті. Әсресе Булаев аудандық өндіріс комбинаты (директоры Балашов жолдас) зор өндірістік табыстардың иесі болды. Бұл комбинат өткен жылда жылдық өндірістік программаны 149,8 процентке орындап шықты. Ал Приишім аудандық өндіріс комбинатының (директоры Сердюк жолдас) көрсеткіші бұдан да жоғары. Бұл комбинат коллективі жылдық өндірістік тапсырманы 165,2 процентке дейін артығымен орындады. Өткен жылда Полудень, Совет ауданындағы өндіріс комбинаттары да сапалы өнімді көп шығарды. Қол жеткен осындай табыстармен бірге, облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің бірталай өндіріс комбинаттарында орасан зор кемшіліктер де орын алып келеді. Ол комбинаттардың басшылары коллективтік шартта алған міндеттемелердің орындалуына жете көңіл бөлмей, жауапсыздыққа салынып келген. Мұндай комбинаттар коллективтік шарт жасағанда формальді түрде өздеріне күрделі міндеттер алып, іс жүзінде ол міндеттерді орындап шығу үшін күресті күшейтпеген.

Өткен 1954 жылы Мамлют аудандық өндіріс комбинаты (директоры Черных жолдас), Октябрь аудандық өндіріс комбинаты (бұрынғы директоры Запорожец жолдас) өндірістік программаны 5 декабрьге дейін аяқтап шығуға міндеттенді. Онымен бірге, өнімді барлық ассортимент бойынша шығаруды, еңбек өнімділігін арттыруды және өзіндік құнды кемітуді жоспарлады. Іс жүзінде бұл міндеттемелердің бірде-бірі орындалмады. Аталған екі комбинаттың екеуі де көпшілік тұтынатын көптеген товарларды өндіре алмай, мемлекет алдында борышты болып қалды.

Завод, фабрика және өндіріс комбинаттарының басшыларының кәсіподақ ұйымдарымен жыл сайын жасасатын коллективтік шарттары өндірісте еңбек ұйымдастыру ісінде аса маңызды орын алады. Коллективтік шарт жасасу —өндірісті өркендетуге, еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өзіндік құнын көптеп кеміте беруге көмектеседі. Онымен бірге, еңбек ұйымдастыруды жақсартуға және шаруашылық жұмыстарымен шұғылданушылардың, кәсіподақ ұйымдарының өз жұмыстарына жауапкершілігін арттырады. Сөйтіп, өндірісте еңбек ететін жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің материалдық әл-ауқатын барған сайын жақсарта беруге жағдай тұғызады.

Өткен 1954 жылда облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесі жүйесіндегі 10 өндіріс комбинаты коллективтік шарт жасасты. Бұл комбинаттардың көпшілігіне коллективтік шарт жасасу, мемлекеттік жоспарды белгіленген мерзімнен едәуір бұрын орындап шығуға, сондай-ақ, өнімді көп және сапалы шығаруға, жұмысшы қызметкерлердің мәдени-тұрмысын одан әрі гүлдендіре беруге көмектесті. Әсресе Булаев аудандық өндіріс комбинаты (директоры Балашов жолдас) зор өндірістік табыстардың иесі болды. Бұл комбинат өткен жылда жылдық өндірістік программаны 149,8 процентке орындап шықты. Ал Приишім аудандық өндіріс комбинатының (директоры Сердюк жолдас) көрсеткіші бұдан да жоғары. Бұл комбинат коллективі жылдық өндірістік тапсырманы 165,2 процентке дейін артығымен орындады. Өткен жылда Полудень, Совет ауданындағы өндіріс комбинаттары да сапалы өнімді көп шығарды. Қол жеткен осындай табыстармен бірге, облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің бірталай өндіріс комбинаттарында орасан зор кемшіліктер де орын алып келеді. Ол комбинаттардың басшылары коллективтік шартта алған міндеттемелердің орындалуына жете көңіл бөлмей, жауапсыздыққа салынып келген. Мұндай комбинаттар коллективтік шарт жасағанда формальді түрде өздеріне күрделі міндеттер алып, іс жүзінде ол міндеттерді орындап шығу үшін күресті күшейтпеген.

Өткен 1954 жылы Мамлют аудандық өндіріс комбинаты (директоры Черных жолдас), Октябрь аудандық өндіріс комбинаты (бұрынғы директоры Запорожец жолдас) өндірістік программаны 5 декабрьге дейін аяқтап шығуға міндеттенді. Онымен бірге, өнімді барлық ассортимент бойынша шығаруды, еңбек өнімділігін арттыруды және өзіндік құнды кемітуді жоспарлады. Іс жүзінде бұл міндеттемелердің бірде-бірі орындалмады. Аталған екі комбинаттың екеуі де көпшілік тұтынатын көптеген товарларды өндіре алмай, мемлекет алдында борышты болып қалды.

Мәселен, өткен жылдың 4-інші тоқсанында Петропавлдың мебель және жегу әбзелдерін шығаратын комбинатының өзінде 67 адамдық-күн жұмыссыз босқа өткен.

Өндірістің кең құлаш жайып өрлеуіне кері әсерін тигізбей қойған жоқ.

Халқымыздың күнбе-күн өсіп отыратын мәдени тұрмыс тілектерін барынша қамтамасыз ету үшін көпшілік тұтынатын товарларды мейлінше көп және сапалы өндіру өндіріс комбинаттарының бүгінгі таңдағы басты міндеті болып отыр. Сондықтан да 1955 жылға жасалатын коллективтік шартқа әрбір комбинат, кәсіподақ ұйымдарының басшылары жауапты қарап, онда қабылданған міндеттерді мүлтіксіз орындау жолында социалистік жарысты кең көлемде өрістетулері керек.

Отандық жаңа техника мен озат технологияны, өндірісті комплексті механикаландыру қажет. Комбинаттарда жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастырып, социалистік жарысты бұрынғыдан да зор көлемде өрістету, жұмыстың озат үлгілеріне тәнелу —осының бәрі еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарта беруге мүмкіндік тудырады.

Облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесі жүйесіндегі комбинаттарда еңбек ететін барлық өндіріс адамдары үстіміздегі жылға жасалған коллективтік

тер мен жастардың игілікті еңбегіне ризалық білдіруде.

**А. ҚОНТАЕВ.**

## Міндеттемеден 35 мың литр артық

Қ. Оспанова жолдастың Приешім ауданы, «Бостандық» колхозында сауыншы болып істей бастағанына бييыл тоғызыншы жыл. Осы уақыт ішінде ол жас төлдерді күту жөнінде де, сиыр саууда да колхоз бойынша ұдайы үздік көрсеткішке ие болып келеді. Оның қарауындағы сауын сиырлар да, жас төлдер де әрдайым қоңды болады.

Оспанова жолдастың мал күту жайында едәуір тәжрибесі бар. Ол сиырларды азықтандыру, суару жұмыстарын арналып жасалған жұмыс күні графигіне сәйкес жүргізеді. Сонымен бірге, сиырларды бұзаулар алдында дермезгілінде суалтуды қадағалап отырады. Өйткені бұл сиырдың сүті бойына тарап, тез ет алуына, сөйтіп бұзаудың ірі болып тууына жағдай жасайды.

Іске осындай ынталылықпен берілу, адал еңбектену Оспанова жолдасты игі нәтижеге жеткізді. Ол қарауындағы 10 сиырдың әрқайсысынан орта есеппен 1500 литрден сүт аламын деп алған міндеттемесін артығымен орындап шықты, әрбір сиырдан орта есеппен 1850 литр сүт сауылды. Сөйтіп Оспанова жолдас өткен жылғы алған міндеттемесінен 35 мың литр сүтті артық алды.

**Ж. ТӘШЕНОВ.**

Кәзіргі уақытта колхоз мал өсірушілері өздерінің барлық мүмкіншіліктерін қоғамдық малды қыстан шығынсыз алып шығуға жұмылдыруда. Мал қыстату, әсресе, № 1 бригадада ұйымшылдықпен өтіп келеді. Колхозшылар Әубәкіров, Бектұрғанов, Тілеулин жолдастар қарамалдарды күтуде, азықтандыруда зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді мұқият қолданады. Олар малды күніне үш-төрт рет азықтандырып, екі рет суарады. Малшылардың күткен малының төсегі әр уақытта жұмсақ әрі таза. Жұмыс көліктерін күтуші Теміров жолдас та өзінің қажырлы еңбегімен колхозшылардың құрметіне бөленуде.

Малды қыстан қоңды шығару және оның өнімділігін арттыра беру жолында колхоз сауыншыларының сіңірген еңбегі ерекше. Өткен жылы қарамағындағы сиырлардың әр қайсысынан бір бұзау алып, аман өсірген, сүт сауу жоспарын деркезінде толық және артығымен орындап шыққан сауыншы К. Сәрсенова, Е. Оразбаева, П. Жүнісова жолдастар мал қораға тұрған алғашқы күннен бастап оны ұқыпты күтуде.

Сонымен бірге, олар үстіміздегі жылы қарамағындағы сиырларға күтімді жақсарта түсу нәтижесінде әрбір сиырдан орта есеппен 1600-1800 литрден сүт саууға міндеттеніп отыр.

Дегенмен мал қыстатудың барысында кемшіліктер жоқ емес. Бұл колхоз басшыларының кінәсінен болуда. Мәселен, жас төлдер тұратын үйдің құрылысы әлі күнге дейін аяқталмаған. Төл үйлері-азығын әзірлейтін кухня сатып алды. Мұны орнату жөнінде МТС мамандары колхозға көмектестей жүр. Колхоздағы сабан тұрағыштың жұмыс өнімділігі төмен, МТС басшылары жұмыстың өнімді болуын сабан тұрағышта жұмыс істеп жүрген механизаторлардан қатаң талап етпейді.

Колхозда сабан да жеткілікті. Егер малға сабан тек туралған, буландырылған және концентрат қосылып әзірленген түрінде берілетін болса, оны мал әлде қайда сүйсініп жер еді, сөйтіп олардың қоңдылығының артуына, жемшөп резервінің көбеюіне және малдың өнімділігін арттыруға қолайлы жағдай туар еді. Амал не, МТС, колхоз басшылары мұндай аса маңызды істі аяқсыз қалдырып келеді.

Мал күтуге бөлінген колхозшылардың арасында еңбек тәртібі айтарлықтай емес. Кейбір малшылар жұмысқа уақытында шықпайды.

Кәзір мал қыстатудың шешуші кезеңі. Сондықтан колхоз басшылары мал қыстатудың барысындағы кездескен мұндай елеулі кемшіліктерді дереу жоюдың шарасын қолданып, оның мінсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Ал МТС басшылары колхозда мал қыстатудың табысты өтуіне барлық жағынан көмек көрсетуге міндетті. Сонда ғана бұл колхоздың колхозшылары мал қыстатуды табысты өткізіп, үстіміздегі жылы қоғамдық мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру күресінде айтарлықтай та бастарға ие болатын болады.

**М. ЗАҒЫПАРОВ.**

## КОЛХОЗ ОВОЩЬ ӨСІРУШІЛЕРІ

Петропавл ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артелінің мүшелері жыл сайын картоп және овощь дақылдары көлемін арттыра түсуге ерекше назар аударып келеді. Мұнда өткен жылдың өзінде аталған дақылдар екі есе-дей арттырылған болатын. Осыған байланысты колхоздың овощь өсіруден алған табыс мөлшері де әлдеқайда артты.

Үстіміздегі жылы колхозда овощь дақылдарының көлемін өткен жылғыдан біржарым есе көбейту белгіленіп отыр. Кәзір колхоздың овощь өсірушілері көктемгі егіске дайындыққа мықтап кіріскен. Овощь өсірушілер бригадасының бригадирі Галич жолдастың басқаруымен 12 адам овощь көшеттерін әзірлеу үшін қажетті шымтезек-шірінді құмыралар жасауда. Колхоз барлығы 600 мың шымтезек-шірінді құмыралар жасауға тиіс еді, Галич жолдастың бригадасы бір апта ішінде 56 мың құмыра жасап шығарды. Бұл істе, әсресе, Вальцман, Самерфонд жолдастар ерекше белсенділік көрсетуде.

Осы дайындықтармен бірге колхоз бастауыш партия ұйымы жұқ арада көктемде овощь егуге арналған шымтезек-шірінді құмыралар жасау үшін комсомолцептерден арнаулы бригада құруды ұйғарып отыр. Сөйтіп колхоз овощь егуге жан-жақты әзірліктермен келетін болады.

**Н. КАМАЛЕВА.**

## 3250 центнер тұқым тазартылды

Октябрь ауданындағы «Интернационал» колхозында тұқым тазарту жұмысы қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл іске колхоз атрономы Нұғыманов жолдас күн-бе-күн басшылық жасайды. Тұқым тазартуда колхозшылар Қабдуллина, Жолдаяқова, Сүгірова жолдастар қажырлы еңбек етіп жүр. «ВИМ» астық тазартқышының машинисі Озақов жолдастың еңбегі де зор. Ол астық тазартқыштың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді. Осының нәтижесінде колхозда 3250 центнер тұқым тазартылды.

**Қ. ТІЛЕУБЕРДИН.**

## БІР СЕМЬЯНЫҢ БІР ЖЫЛҒЫ ТАБЫСЫ

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (Октябрь ауданы) қарт колхозшы Жантеміров Қаптай көп жылдар бойы семьясымен жұмыс істейді. Өзі трактор бригадасының май тасушысы, әйелі Мәну, қызы Мағиша колхозда шаруашылықтың басқа саласында, ал ұлы Зейнел МТС-те тракторшы болып істейді. Жантеміровтың семьясы бір жылда 1800 еңбекқұн тауып, оған 9600 сом ақшалай ақы алды. Адал еңбек, мол табыс бұл семьяның мәдениетті және ауқатты тұруына толық мүмкіншілік беріп отыр.

**Қ. АСЫЛТАЕВ.**



**Брянск облысы.** Брянск ауданындағы «Сталинский путь» колхозында шаруашылық үйлерін салудың үлкен құрылысы жүргізілуде. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана мұнда автомашиналар гаражы, қой қорасы, ат қорасы салынды. Кәзір 200 бас мал тұратын 4 қатарлы мал қорасының құрылысы аяқталып келеді. Онда аспалы жол, автоматты суарғыш орнатылған. Барлық құрылыстардың жалпы сомасы 1,5 миллион сом тұрады.

СУРЕТТЕ: Колхоздағы 4 қатарлы жаңа мал қорасы.

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

бинаттар шарт жасап, міндеттемелер алғанда комбинаттағы бар техниканы, жұмысшылар күшін толық есептемей, формальді түрде цифрлар тізуді ежелгі дәдыға айналдырып кеткен. Мәселен, Пожарысты барған сайын кең көлемде өрістетуге тиіс.

**И. ПРОНИН,**
**Облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің бас инженері.**

## Өнімді мол және сапалы шығарудамыз

Партия мен үкмет совет адамдарының материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін неғұрлым тез көтеруді қамтамасыз ету мүдделерін көздеп, халық тұтынатын заттарды көп өндіру ісіне ерекше көңіл бөлуде. Таяудағы екі -үш жыл ішінде азық- түлік товарларының молшылығын жасауға шұғыл бетбұрыс жасау міндеттерін қойып отыр. Бұл шұғыл міндеттерді мұқтіксіз орындап шығу жолындағы социалистік жарысқа қаладағы сыра- сусын заводының барлық жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері де бір кісідей қосылды. Олар облыс еңбекшілеріне және көршілес колхозшылардың колхозшылары мен механизаторларына, демалыс үйлерінде тынығушыларға, Қарағанды шахтерлеріне арнап өткен жылдың өзінде мыңдаған гектолитр сыра-сусындарын өндіріп жөнелтті. Тек Көкшетау облысының өзіне ғана өткен жылы 848 гектолитр сыра- сусын берілді. Сол сыяқты, завод коллективі еңбек өнімділігін еселеп арттыру мен өнім сапасын жақсарта берудің жолдарын қарастырып, пайдаланылмай келген ішкі резервтерді, мүмкіншіліктерді толық есептеп, іске қосты. Сөйтіп, 1954 жылды өндірістегі айтарлықтай жақсы табыстарымен шығарып салып, жаңа жылда жаңа күш, жаңа жігермен жұмысқа кірісті.

Завод коллективі өткен жылдың өзінде 31324 гектолитр сыра, 13758 гектолитр алкагөлсіз ішімдіктер өндіріп шығарды. Сөйтіп, жалпы өнім шығарудың жылдық программасын мерзімінен едәуір бұрын 105,8 процентке орындап шықты. Жыл бойына міндеттеме бойынша 5 миллион 459 мың сомның орнына, 5 миллион 775 мың сомның жоғары сапалы өнімі шығарылып, кооперативтік сауда орындарына сатылды.

Сыра- сусындарын мейлінше көп және сапалы өндіру жолындағы социалистік жарыста Сверидова жолдас басқаратын алкагөлсіз ішімдіктер цехының коллективі үздік алда келеді. Цехтың озат жұмысшылары Нетесова, Затикова жолдастар сменалық, айлық, тоқсандық өндірістік тапсырмаларды үнемі 100-125 процентке дейін асыра орындайды. Бұл өндіріс озаттарының шығарған өнімдері тұтынушылардан «жақсы» және «өте жақсы» деген баға алып жүр. Заводтың арна өңдеу цехының (бригадирі И. Замайкин жолдас) мүшелері де озат көрсеткіштердің иесі болуда. Цехта айлық, сменалық және тоқсандық тапсырмаларын орындамайтын бірде- бір жұмысшы жоқ. Ал жалпы цехтың жұмыс көрсеткіші үнемі 120-150 процентке дейін артығымен орындалады.

Заводта өндіріс жұмыстарының біркелкі жүргізілуіне жетудің, өнімді қатаң график бойынша біркелкі шығарып отырудың, өндірісті жоспарлаудың, материалдық- техникалық жабдықтауды және жұмысшылар мен инженер- техник қызметкерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастырудың өзінде де көп резервтер бар. Біз жұмыстың бұл салаларына ерекше назар аударып отырамыз. Коллектив мүшелерінің тұрмыстық жағдайларына қамқорлық жасау, оларды тұрғын үйлермен қамтамасыз етіп, отын, тағы басқа да керек-жарақтармен уақытылы көмек көрсетіп отырудың өзі —коллективтің жұмысқа деген ынта- жігерін бұрынғысынан да арттыра түсетіндігін біз тәжрибеде көріп келеміз. Өткен 1954 жылдың күзінде заводтың жұмысшы- қызметкерлерінің семьяларының 75- 80 процентке жақынын завод қарамағындағы үйлерге орналастырдық. Онымен бірге, оларға қысқа жетерліктей отын, көмір босатып, біраз үйлерді күрделі және жеңіл жөндеуден өткізуге көмектестік.

Халқымыздың күнбе- күнгі өсіп отыратын мәдени- тұрмыс дәрежелері советтік өнеркәсіптен және тамақ өнеркәсібі жүйесінде еңбек ететін жұмысшылардан, инженер-техник қызметкерлерден өнімді мейлінше көп, сапалы шығаруды талап етеді. Бұл талап коллектив міндеттерін арттырып отыр.

Өнімді көп шығарып, оның сапасын жақсарту мақсатын көздеп біз заводтың өндіріс алаңын жыма- жыл кеңейту жұмыстарын жүргізіп келеміз. Үстіміздегі жылдың июнь айына дейін жаңа үй құрылысын аяқтап шығамыз. Бұл үйге тағы да сыра қайнататын 4 қазан орнатылады. Құрылыстың барлық жұмыстарын аяқтап, пайдалануға бергеннен кейін завод бір жылда 55 мың гектолитр сыра -сусындарын өндірмек. Өнім мол шығарылғанда оны сақтайтын орын, ыдыс санын көбейту жақтары да ескерілуде. Кәзір біз жаңадан 21 цистерна сатып алып, оларды тиісті орнына орнатуға дайындап отырмыз.

Астанамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырып, игілікті бастама көтерді. Бұл патриотпық істі заводтың барлық коллективі зор қуанышпен қарсы алды. Олар москвалықтардың бастамасына нақтылы іспен жауап беру жолындағы күресті барған сайын шәрменді жүргізуде.

**К. ОРАЗОВ,**
**Петропавл сыра- сусын заводының директоры.**

# Халықаралық шолу

## ФРАНЦИЯНЫҢ ХАЛҚЫ ОНАН ӘРІ КҮРЕСУДЕ

Францияның Ұлттық жиналысында Париж келісімдерін жақтап дауыс берудің батысгерманиялық армия құруға батыл қарсы шығып отырған француз халқының нын көзқарасын тіпті де бейнелемейтінін АҚШ ресми қайраткерлерінің ішіндегі герман милитаризмін қайта тудыруды барынша жақтаушылардың өздері де мойындауға мәжбүр болды. АҚШ мемлекеттік секретары Даллестің дауысқа қою нәтижелері жайындағы мақтаншақтық мәлімдемелеріне қарамастан, американ баспасөзі бұл нәтижелер АҚШ-тың билеуші топтарын қанағаттандырмай отыр деп сауауда. «Уолл-стрит Джорнэл» газеті Мендес-Франс ие болған көпшілік 27 дауысқа нағыз «микроскоптық» аз дауыс деп атаған. «Вашингтон розы, бірақ абыржып отыр»,—деп түсіндірді дауыс берудің қорытындыларын «Нью-Йорк таймс» газеті. Соның өзінде Батыс Германияны қаруландыруды жақтаған осы мардымсыз көпшілік дауыстың өзіне де АҚШ пен Англия тарапынан француз депутаттарына өте күшті қысым жасау нәтижесінде ғана, парламенттегі астыртын әрекеттер, депутаттарды қорқыту, бопсалау және уәделер беру жолымен оларға ықпал жасау нәтижесінде ғана қол жеткенін американ шолушылары атап көрсетуде. Мысалы, Вашингтондағы «Стар» газеті Францияның Ұлттық жиналысы «ең күшті қысым жасау нәтижесінде ғана» Париж келісімдерін жақтап дауыс берді деп ашықтан-ашық мойындап отыр. Ал оңшыл француз газеті «Монд» былай деп атап көрсетті: Ұлттық жиналыстың депутаттары «біздің ағайынсаксон одақтастарымыздың өресіл өмірі алдында бас иіп, француздардың пікірін құрбандыққа ұшыратты...»

Американ баспасөзі жазып отырған Вашингтонның абыржу себебі мынадай: Париж келісімдерін жақтаушылар француз жұртшылығының бүкіл француз ұлтының жаңа вермахтты қайта тудыруға батыл қарсы шығып отырғанын көрмей отыра алмайды. «Уолл-стрит Джорнэл» газеті Ұлттық жиналыстың қарары «түпкілікті қарар емес, өйткені француз республика Советінің оны әлі өзгерту мүмкін...» деп сақтандырған (француз конституциясы бойынша, Ұлттық жиналыс бекіткен қайсы бір заң жобасына республика Советі қарсы шыққан жағдайда, оны келісін алуға 100 күндік мерзім беріледі. Ал егер келісімге қол жеткенсе, онда ақырғы сөз Ұлттық жиналысқа беріледі) Республика Советі Париж келісімдерін февральда қарайды.

Француз халқының Париж келісімдеріне қарсы белсенді күрестің барысында батысгерманиялық агрессиянышл армияны қайта тудыруға қарсы шыққан ұлттық бірлік қозғалысы құрылды. Франция еңбекшілерінің бұқаралық демонстрациялары, қыска мерзімді ереуілдер Батыс Германияны қаруландыруға қарсы наразылықтарға қол қойдырту, Ұлттық жиналыс пен жеке депутаттардың атына жазылып, Париж келісімдерін қабылдамай тастауды талап еткен хаттар тасқынын қайта тудыруға, атомдық және термоядролық соғыс бастауға француздар ешқашан да келіспейді. Соңғы сөз француз халқы атынан болады, ал оған бүкіл дүние жүзінің бейбітшіл күштері үміттерін артып отыр».

Француз коммунистік партиясы саяси бюросының Ұлттық жиналыстағы дауысқа қоюдан кейін жарияланған мәлімдемесінде де Париж келісімдеріне қарсы күресте ұлттық және демократиялық күштердің одағы нығайып отырғаны атап көрсетілген. Социалистік партияның саясаты және оның депутаттарының көпшілігі жақтап дауыс бергені, —деп атап көрсеткен саяси бюро. Ұлттық жиналыстың Германияны қаруландыруды мақұлдауына «комектескенін» көптеген социалистер кәзір «өкінішті сезіммен айқын көруде». Шайқас әлі тоқталған жоқ, —делінген мәлімдемеде бұдан кейін, — Францияның халқы ақатты Париж келісімдерін мойындаған емес және ешуақытта да мойындамайды.

...Шайқас әлі аяқталған жоқ. Герман милитаризмін қайта тудырудың бейбітшілікке төнетін ең елеулі қатер екенін, ал герман мәселесін бейбітшілікпен шешудің бірінші кезектегі міндет болып табылатынын айқын түсінген барлық бейбітшіл күштер бұл күресте француз халқына тілектестік білдіріп, оны қолдап отыр.

## КӨЗБОЯУШЫЛЫҚТЫҢ АЙЛА-АМАЛДАРЫ

31 декабрьде АҚШ мемлекеттік секретары Даллес баспасөз конференциясында мәлімдеме жасап, онда американ сыртқы саясатының өткен жылғы қорытындысын шығарды. Даллес Америка Құрама Штаттары бейбітшілікті сақтауға тырысып отыр-мыс дегенді айтты. Бірақ оның сөздері ақиқат іске мүлде қайшы келеді, атап айтқанда, Құрама Штаттар жаңа соғыс жоспарларын жасап қана қоймай, сонымен бірге жаңа соғыс өзірлеуге тікелей кіріскін отыр. Мысалы, Индо-Қытайда уақытша бітім жасалғанын және «европалық қорғаныс бірлестігінін» күйретілгенін мемлекеттік секретарь «сәтсіздік» деп санайды. Ал оның бер жағында бұл екі оқиғаның халықаралық шиеленісті еліуір бәсеңдетуге жетіскенін жұртқа мәлім. Даллес, мұның керісінше, герман милитаризмін қайта тудыруға жол ашатын Лондон мен Париж келісімдерін, сондай-ақ Қыйыр-Шығыста соғыс блогінің құрылғанын, АҚШ тың чанкайшилік термен және лисынмандықтармен соғыс келісімдерін жасасқанын, Түркия-Пакистан соғыс блогінің жасалғанын американ сыртқы саясатының «табысы» деп жариялап отыр. Даллес АҚШ-тың тұрақтануымен және онын тікелей көмегімен жүзеге асырылған гватемала халқына интервенцияны, Иранның мұнай байлықтарын асылып және американ монополияларының қолына беруге қарсы шыққан Иранғағы демократиялық элементтерді жазалау әрекеттерін мақтан отыр.

Даллес 1954 жылдың қорытындылары туралы «Нейшнс бизнес» журналының январьдағы номерінде толығырақ жазған. Бұл мақалада ол кейбір сөздерінің «соғыс не қарсы, СЕАТО шартына қарсы, Таяу Шығыста топтастырылып жатқан соғыс блогіне қарсы халықтардың ұлғайып отырған күресі туралы жұмған аузын ашпады. Егер Даллес бұл мәселеге тоқталған болса, онда ол Құрама Штаттардың жанталаса қаруланусы бағытталған сыртқы саясатының барлық бейбітшіл халықтардың ашу-ызасы мен наразылығын тудырып отырғанын мойындауға мәжбүр болған болар еді. Ал американдық «Нейшн» журналы Даллестің орнына осы жағдайды мойындауға мәжбүр болды. «...Америка, —деп жазды жуырда осы журнал,— дүние жүзінің көз алдында беделенен айрылды, ал біз 1920 жылы кандай оқшау қалған болсақ, кәзірде де сондай оқшау қалып отырмыз». «Нью-Йорк таймс» газеті де осыны мойындауға мәжбүр болып, былай деп жазған: «АҚШ-тың шетелдердегі ең жақын достарының кейбіреулері арасында американ дипломатиясының практикасы тудырып отырған хауіптенушілікті жасыруға тырысу мағынасыздық болар еді... Американ саясатшыларының дорекілігі Европада сынға ұшырауда».

«Нейшнс бизнес» журналының Даллестің мақаласы басылған сол номерінде басқа американ министрлері де, атап айтқанда, қорғаныс министрі Вильсон сауда министрі Уикс те мақала жазған. Вильсонның мақаласы АҚШ-тың соғыс өзірліктерін ашықтан-ашық насихаттап, атомдық соғысты мадақтағандық болып табылады.

Уикс, американ экономикасындағы бір жылдың қорытындысын шығара келіп, Құрама Штаттар «бейбіт уақыттағы рекордты қоркейтуге» жетті дегенді айтқан. Ал Уикс «Құрама Штаттар» дегенді американ монополистері де ұғынатын болса, онда мұндай пікір ақиқат шындыққа сай келеді. Өткен жылы мен полиялардың пайдасы тағы да еліуір арты. Мысалы, «Форчун» журналының мәліметтері бойынша, ең ірі «Дженерал моторс» компаниясының пайдасы 9 айдың ішінде ғана, өткен жылдың тиісті кезімен салыстырғанда, 23 процент, «Дженерал электрик» компаниясының пайдасы —21 процент, «Вестингауз электрик корпорейшн» компаниясының пайдасы —20 процент артқан, тағы тағылар. Соғыс заказдары монополистерді байытуда, ал оның бер жағында американ халқы үшін бұл пайдалардың мәнісі —жаңа салықтар салғандық, нақты жалақыны кемітіндік болып табылады.

«Коркею жылы» АҚШ үшін шынында да экономиканың құлдырап, еңбекшілер жағдайының онан әрі нашарлаған жылы болды. Тіпті ресми есептер бойынша, өндіріс дәрежесі 1953 жылмен салыстырғанда 7 процент төмендеген. Әресе, тоқыма өнеркәсібінде, сонтай-ақ көмір өнеркәсібінде өндіріс мықтап қысқартылған, көмір өнеркәсібінде бір жылдың ішінде ғана мыңға жуық шахта жабылған, ал 3 жылдың ішінде ширеік миллион дәрлік кеншілер жұмыстан айырылған.

«Уолл-стрит Джорнэл» газетінің мойындауынша, 1954 жылдың аяғында

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ОЗАТТАРЫ ҚЫТАЙ КОМПАРТИЯСЫНА ЕНУДЕ

ПЕКИН, 9 январь. (СОТА). «Женьминьжибао» газетінің хабарлауына қарағанда, 1954 жылы ауыл шаруашылығы кооперативтері мен өзара еңбек көмектестігі топтарын құру жолындағы қозғалысқа белсене қатысушы мыңдаған шаруалар Қытай Коммунистік партиясының қатарына енген.

Хэйлунцзян провинциясында өткен жылдың сентябріне дейін коммунистік партия қатарына шаруалардың 5 мыңнан астам озат өкілдері кірді. Цзянсу провинциясында партия мүшелеріне 44 мың адам қабылданды, олардың 5150-і ауылшаруашылық өндіріс кооперативтерінің жетекшілері және 10 мыңы өзара еңбек көмектестігі топтарының жетекшілері.

## ҚЫТАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ӨРЛЕУ ЖОЛЫНДА

ПЕКИН, 9 январь. (СОТА). Қытай өнеркәсібінің әртүрлі салаларындағы өнім ассортименті жылдан жылға ұлғайып келеді. Мәселен, өткен жылы елде рентген аппаратарын өндіру ісі меңгерілді. Биылғы жылы кәзіргі уақыттағы дәрігерлік аппаратуралардың тағы да 20 жаңа түрін шығару жолға қойылады.

Қытай резинка өнеркәсібі үстіміздегі жылы автомобиль покрышкаларының 7 жаңа түрін игереді. Резинка өнеркәсібі кәсіпорындарының алдына атап айтқанда, отандық жүк автомобильдерінің покрышкаларын шығаруды қамтамасыз ету міндеттері қойылды. Бұл автомашиналарды кәзіргі уақытта салынып жатқан бірінші автомобиль заводы шығаратын болады.

Қағаз өнеркәсібі қолдан жасалатын жібектің жұмсақ материалдарын және қағаздың 26 жаңа түрін шығаруды игереді.

Қытайдың тамақ өнеркәсібі 26 түрлі овощь, балық, ет және жеміс консерваларын шығаратын болады.

## ҚЫТАЙ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ ВЬЕТНАМДА ТЕМІР ЖОЛ САЛУҒА КӨМЕКТЕСУДЕ

ПЕКИН, 9 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Ханойдан былай деп хабарлайды:

Қытай мен Вьетнам арасында транспорт және радиотехникалық құрылыс мәселелері жөнінде қол қойылған келісімге сәйкес Қытай теміржолшылары мен техника мамандары Ханойнам-куан теміржолын салу үшін Вьетнамға келді.

Вьетнам мен Қытай жұмысшылары кәзірдің өзінде Қытай-Вьетнам шекарасында Лангсон қаласына дейін темір жол салды. 4 январьда Лангсонда 90 метрлік көпір салу жұмысы аяқталды. Темір жолдың оңтүстік участогінде, Ханой мен Фулангтуон арасында темір жол салу жұмысы да аяқталды.

## НЕМІС ХАЛҚЫ БОНН ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ СОҒЫС ӘЗІРЛІКТЕРІНЕ ҚАРСЫ ШЫҒУДА

БЕРЛИН, 9 январь. (СОТА). Неміс халқы бонн өкмет орындарының соғыс өзірліктеріне қарсы шығуда.

АДН агенттігінің Дюссельдорфтан берген хабарына қарағанда, Париж соғыс келісімдерінің жүзеге асырылуына қарсы Рур облысының еңбекшілері көптеген митингтер өткізуде.

# Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін алуға арналған конькишілердің халықаралық жарысы

9 январьда биік таудағы мұз айдынында Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін алуға арналған конькишілердің жарысы басталды. Совет конькишілерімен бірге бұл жарысқа Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Герман Демократиялық Республикасының спортшылары қатысуда.

Мыңдаған алматылықтар мұз айдынының трибунасына, қар бөгеттерге, «Мохнатая» шоқысының бауырайына лық толды. Мұз жолында конькишілер қатарға тұрды. Парадтың командашысы—жарыстың бас төрешісі Леонов жолдас Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары Тәжібаев жолдасқа рапорт берді. Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің атынан Тәжібаев жолдас конькишілерді құттықтап, олардың алдағы жарысқа табыстарға жетуіне тілек білдірді. Қазақ ССР Үкметі мен республика еңбекшілерінің атынан Тәжібаев жолдас Венгрияның, Чехословакияның, Польшаның, Румынияның, Герман Демократиялық Республикасының спортшыларын қызу құттықтады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін алуға арналған 1954 жылғы жарыста жеңіп шыққан Владимир Сахаров жарыс жалауын көтерді. Совет Одағы мен Қазақ ССР Мемлекеттік гимндерінің салтанатты үні естілді. Жарыс басталды. Алғашқы күннің программасы бойынша ерлер 500 және 5 мың метр қашықтыққа жарысады.

...Мұз айдыны жолында алғашқы екі пар—Юрий Кислов пен Юрий Головченко. Осы қашықтықта дүниежүзілік рекорд жасаған москвалық Юрий Сергеев бұл күні ең жақсы уақыт —41 секунд көрсетті, бұл оның бұрынғы дүниежүзілік рекордынан тек 0,1 секунд қана кем. Жарысқа қатысушы ең жас спортшы — Москваның Ломоносов атындағы университетінің студенті Виктор Копытин 500 метрлік қашықтыққа сырғанауда жасөспірімдердің бүкілодақтық жаңа табысқа ие болды, ол 42 секунд уақыт көрсетті.

500 метрлік қашықтықта халықтық демократия елдерінің конькишілері де ұлттық екі рекорд жасады. Дмитрий Сакуненкомен (Владимир) жекпе-жекте поляк спортшысы Станислав Матеровский 44,4 секунд уақыт көрсетіп, Польшаның рекордын 0,7 секунд жақсартты. Владимир Коларж бұл қашықтықты Чехословакияның жаңа рекордын жасаумен аяқтады. Оның нәтижесі 44 секунд болды. Чехословак спортшысы 5 мың метрлік қашықтықта да жақсы нәтиже көрсетті. Владимир Коларж фиништің сызығын кесіп өткенде секундомерлер 8 минут 34 секунд уақыт көрсетті. Бұл ұлттық жаңа рекорд.

Еліміздің ең күшті конькишілерінің 5 мың метрлік қашықтағы шиеленіскен күресін алматылықтар зор ықлас қоя қарылады. Бұл қашықтықтағы дүниежүзілік рекорд пен Совет Одағының рекорды Николай Мамоновқа жататын, ол 8 минут 3,7 секундқа тең еді. Бесінші жүгірісте стартқа шыққан Дмитрий Сакуненко қашықтықты 7 минут 54,9 секундта аяқтады. Алайда, бұл табыс бағ[illegible]ды болған жоқ. Келесі жүгірісте дүниежүзілік чемпион ленинградтық Борис Шилков тамаша шеберлік көрсетті. Дөңгелек сызықты 20 рет айналғанда олардың ешқайсысына да 37,6 секундтан артық уақыт жіберген жоқ. Міне ақырғы айналыс, Борис Шилков фиништен зыр етіп өте шықты. Чемпионның уақыты 7 минут 45,6 секунд, бұл дүниежүзілік жаңа рекорд.

Москвалағы еңбек резервтері техникумының студенті Елий Гурьянов 17—18 жастар шамасындағы жасөспірімдер үшін бүкілодақтық жаңа жетістікке жетті. Ол 5 мың метр қашықтықты 8 минут 10 секундта жүгіріп өтті.

Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін жеңіп алу жолындағы спорттық күресте Қазақстанның конькишілері Рамазан Мигеров, Ораз Қаңлыбаев, Игорь Оленин қатысуда. 500 метрлік қашықтыққа жүгіруде Рамазан Мигеров 43,5 секунд уақыт көрсетті. 500 метрлік қашықтыққа болған жарыста қазақстандық жүйріктерлің ішінде Ораз Қаңлыбаев ең жақсы нәтижеге жетті, оның уақыты [illegible] минут 10,4 секунд.

Екі қашықтыққа болған жарыстан кейін Дмитрий Сакуненко алда келеді, ол 90,090 ұпай жиналды, Юрий Ивашкин 90,750 ұпай және Юрий Головченко 90,70 ұпай жиынады.

## Допты хоккейден елімізде бірінші орын алу үшін

10 январьда Москванын «Динамо» стадионында допты хоккейден елімізде бірінші орын алу үшін болып жатқан жарыстың екі ойыны өткізілді. Офицерлер Үйі (Свердлов) мен Офицерлер Үйі (Хабаровск) хоккейшілерінің кездесуі 4:1 есебінде Свердлов спортшыларының пайдасына аяқталды.

СССР Қорғаныс Министрлігі Орталық Спорт Клубының командасы жаңа жеңіске ие болды. Бұл команда Москванын «Динамо» командасын 4:0 есебінде ұтып шықты.

14 ойыннан кейін 27 ұпай алған армия хоккейшілері қалған ойыншардың барысына қарамастан бұл жарыста өзінің бірінші орын алуын қамтамасыз етті.

Екінші орынға негізгі бәсекелестер Свердлов және Хабаровск Офицерлер Үйлерінің командалары болып отыр. Олардың әрқайсысында 14 ойынная кейін 17 ұпайдан бар.

(СОТА).

## СОВЕТ ЖӘНЕ ШВЕД ХОККЕЙШІЛІРІНІҢ ЖАРЫСЫ

Өткен жексенбіде, 9 январьда, Москва-

кейін Александр Черепанов есепті теңес-

ны дүниежүзілік жұртшылыққа ерекше зор әсер етті. Франциялық Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары Ален Ле Леантың атап көрсеткеніндей, «Париж келісімдерін бекітуге қарсы бұқаралық көтерілістер бұрын-соңды болмаған көлемге жеңіс өріс алуда».

Кәзіргі уақытта республика Советінің мүшелерін пайдаланған муниципалитет кеңестілері мен бас кеңестілердің атына жазылған үндеулер мен петицияларға қол қойдыру науқаны өрістетілуде. Бұл петицияларда Париж келісімдерін қабылдамай отырған ұлттың тіліне құлақ қою талап етілген. «Парламенттің қарарлары қандай болған күнде де,—деп атап көрсетуде Францияның, Ұлттық бейбітшілік советінің манифесінде, —герман милитаризмінің қайта тудыруы үшін бір жағынан, ал өздер үшін басқаша мағынасы» болып отыр деп қынжылған. Мұндай пікірмен келісуге болады. Шынында да, «АҚШ-тың бейбітшілікті сақтауға тырысып отырғаны» туралы айтқанмен, мемлекеттік секретарь бұл арада герман милитаризмін қайта тудыруды, жанталаса қаруландыруды, бейбітшіл мемлекеттерді соғыс базаларымен қоршауды ескерін отыр.

Бірақ, «коммунистер» ғана осылай ойлап отырған жоқ, бүкіл жер шарындағы халықтар да осылай ойлап отыр. Олар тек ойлап қана қоймай, сонымен бірге американ соғыс өзірліктеріне қарсы белсене күресіп отыр.

Қырама Штаттарын «табыстарын» асыра мақтап, Даллес Париж келісімдерінің «Динамо» стадионында СССР мен Швецияның құрамды хоккей командалары кездесті. Қонақтар 7 январьдағы сынақтағыдай өздерінің негізгі құрамында жарысқа қатысты. Совет командасында бұл жолы күшті хоккейшілердің орнына жас спортшылар ойнады.

Есекті швед спортшылары ашты. Олардың ең жақсы ойыншысы Свен Юханссон қолап бара жатса да шайбаны жоғарғы бұрышқа тамаша дәл лақтырды. Бұдан Швецияның алғашқы ұпайы пайда болды.

Ойынның екінші жартысында шведтік хоккейшілер тағы да екі шайба өткізді, ал совет спортшылары бір-ақ рет жауап шайба өткізе алды. Ойынның ақырғы 20 минуты ішінде Швеция командасы тағы да екі ұпай салып, жарысты 5:2 есебімен ұтып шықты.

7 январьдағыдай, жарысқа бұл жолы да К. Хаузер мен К. Мюллер (Швейцария) төре берді.

(СОТА).

## Гастингстегі халықаралық шахмат турнирі аяқталды

ЛОНДОН, 8 январь. (СОТА). Гастингстегі халықаралық 30-шы шахмат турнирі аяқталды. Бірінші және екінші орындарды 7 ұпайдан жинаған совет гроссмейстерлері Керес пен Смыслов алды. Үшінші, төртінші және бесінші орындарды Венгер гроссмейстері Сабо, Югославия мастері Фудерер мен Чехословак гроссмейстері Пахман бөлісті, бұлар 5,5 ұпайдан алған болатын. Алтыншы орынға 5 ұпаймен Унцикер (Батыс Германия) ие болды.

Бүгін турнир ресми жабылып, жүлделер тапсырылды. Гастингс қаласының мәрі шахматшылардың алдында сөз сөйлеп, былай деген: халықаралық шахмат кездесулері бүкіл дүние жүзіндегі қарапайым адамдардың арасындағы достық байланысты нығайтуға көмектеседі.

Совет шахматшыларының атынан гроссмейстер Керес турнирді ұйымдастырушыларға қонақжарлықтары үшін алғыс айтып, совет және ағылшын шахматшыларының арасындағы достық байланыстың нығая түсетіндігіне сенім білдірді.

Чехословак гроссмейстері Пахман өзінің сөзінде әртүрлі елдер спортшыларының арасындағы достық байланыстың нығая беруі бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға ықпал көмектесетін болады деп атап көрсетті.

## Батыс Германияны қаруландыруға қарсы

РИМ, 9 январь. (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының итальяндық комитеті бүкіл елде герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы күрестің күшейе түсіп отырғандығы туралы хабарлайды. Батыс европалық одаққа қарсы наразылық митингтері Кальяри, Форли, Неаполь және басқа қалаларда болды.

Сол сыяқты, көп адам қатынасқан жыйналыстар Мантуя, Перуджа, Феррара, Павия мен Балония провинцияларының елді пункттерінде де өткізілді.

Балонияда дүниежүзілік екінші соғыстың құрбандығы болғандардың семьяларының мүшелері шіркеу өкмет орындарына үндеу жолдап, оларды Батыс Германияны қаруландыруды және жаппай қырып-жоятын қару-жарақтарды қолдануды айыптауға шақыруға үйғарды. Терни қаласының тұрғындары республика президентін бейбітшілікті жақтауға шақырған. Павияда «европалық федеральды «қозғалыс» (бұл негізінде христиан-демократиялық және социал-демократиялық партиялардың мүшелерінен құралған) деп аталатынның мүшелері—жастар арнаулы мәжілісте батысевропалық одақтың құрылуына қарсы бірауыздан пікір айтты.

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## ФРАНЦУЗ ҮКМЕТІНІҢ БАТЫСЕЕРОПАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ ЕЛДЕРГЕ МЕМОРАНДУМЫ

ПАРИЖ, 8 январь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі былай деп хабарлады: 5 январьда француз үкметі батысевропалық одақ дейтіне мүше елдерге қаружарақты бір стандартқа келтіру және бірлесіп өндіру мәселесіне арналған меморандум тапсырды, Меморандумның кіріспесінде француз үкметі батысевропалық одақ құру туралы договорға қол қойған елдердің «өндірісті ойдағыдай ұйымдастыру жолымен өздерінің қарулы күштерін жабдықтау үшін қолда бар ресурстардың мүмкіндігінше, өте жақсы пайдаланылуын қамтамасыз етуге тілек білдіргенін» еске салған.

Бұл меморандум өзінің мәжілісі 17 январьда Парижда басталатын келіссөздерге негіз болуға тиіс және ол, Франс Пресс агенттігінің айтуынша, қару- жарақ жөніндегі ұйымның мынадай мақсаттарын белгілейді: соғыс саласында қарулы күштердің жауынгерлік қабілетін арттыру және оларды жабдықтау ісін жақсарту, бюджет және өнеркәсіп саласында—қару-жараққа» бөлінген несиелерді нағұрлым жақсы пайдалану және өзіндік құнды азайту; экономикалық салада—міндеттерді бөлгенде, мұның өзін қатысушы елдерге өзара тиімді болатындай етіп бөлу.

## ОККУПАЦИЯЛЫҚ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ЖҮГЕНСІЗДІГІ

ВЕНА, 8 январь. (СОТА). «Зюддейче Цейтунг» газетінің хабарлауына қарағанда, Батыс Германияда 1954 жылдың 30 сентябріне дейін 47 мың 500-ге тарта пәтерлер конфискеленіп, оккупациялық державалардың пайдалануында болды. Бартық пәтерлердің көпшілігі Солтүстік Рейн-Вестфалияда конфискеленді. Мұндағы конфискеленген пәтерлердің саны 10 мың 979-ға жетті. Баварияда 10 мың 298 пәтер, Гессенде 8 мың 323 пәтер және Баден-Вюртембергте 8 мың пәтер конфискеленді.

# Париж келісімдері қабылданбай тасталуға тиіс

## Франциядағы наразылық қозғалысы

ПАРИЖ, 8 январь. (СОТА). Париж келісімдерін республика советінде талқылау мерзімі жақындаған сайын Франциядағы Батыс Германияны қаруландыруға қарсы халықтың наразылық қозғалысы ұлғая түсуде. Елде жыйналыстар мен митингтер өткізілпі, бұларда республика советінің мүшелеріне арналған үндеулер қабылдануда.

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Сент- Ливрад Кантонының (Ло және Гаронна департаменті) барлық елді мекендерінде өткізілпі, бұларда республика советінің мүшелеріне осы департаменттен хат жолдап, бұл хатта Париж келісімдерін қабылдамай тастауды талап еткен.

Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы және қарусыздандыру туралы келіссөздер жүргізу үшін күресетін барлық ерлік саяси партиялар сайлаған муниципалитет кеңестілері мен бас кеңестілер өзінің құрамына кіретін департаменттік комитет Ло және Гаронна департаментінің барлық мәрлерін осы хатқа қол қоюға шақырған.

Жалпы еңбек конфедерациясының бюросы мәлімдеме жариялап, бұл мәлімдемеде герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы француз әйелдерінің күрес комитетінің 30 январьда барлық қалалар мен елді пункттерде Батыс Германияны қаруландыруға қарсы наразылық білдіретін, атом қаруына тыйым салуды және қару- жарақты азайтуды жақтайтын жыйналыстар мен митингтер өткізуге шақырған үндеуін қолдаған. Жалпы еңбек конфедерациясының бюросы барлық кәсіподақ ұйымдарын осы шараны өзірлеуге және өткізуге белсене қатысуға шақырған.

«Бұрын майданда болғандардың республикалық ассоциациясы өз мүшелерін Париж келісімдерін бекітуге қарсы батыл күресуге шақырған.

Кеше Парижда Коммунистік партияның Париж ауданындағы ұйымдары активінің жыйналысы болды. Жыйналыста сөз сөйлеген француз Коммунистік партиясының секретары Франсуа Бийу былай деді:

«Республикашыл және демократиялық күштердің одағын бұрынғыдан анағұрлым нығайту Лондон мен Париж келісімдерін бекітуге жол бермеудің жақсы құралы болып табылатынын соңғы айлардың тәжрибесі дәлелдеп отыр, ал бұл одақтың негізі жұмысшы табының қыймыл бірлігі, социалистер мен коммунистердің біртұтас майданы болуға тиіс».

Француз халқының, деп атап көрсетті баяндамашы, Батыс Германияны ремилитарландыруға жол бермеуге, өз Отанының хауіпсіздігін және бейбітшілік ісінің жеңісін қамтамасыз етуге толық мүмкіндігі бар. Бұл үшін республика советінің мүшелерінен Париж келісімдерін қабылдамай тастауды батыл талап ету қажет.

## АҚШ АНГЛИЯНЫ ЛАТИН АМЕРИКАСЫНАН ЫҒЫСТЫРУДА

ЛОНДОН, 8 январь. (СОТА). Ағылшынның «Экономист» журналы мақала басып, онда АҚШ пен Батыс Германия тарапынан шиеленіскен бәсекелестік туын отырғанын, бұлармен Англия Латин Америкасының базарларында кездесіп отырғандығын атап көрсете келіп, Латин Америкасына шығаратын ағылшын экспортының жылдан жылға төмендеп келе жатқанын анықтайды. «1914 жылға дейін Латин Америкасына сырттан әкелінетін барлық товарлардың төрттен бір бөлігі Англияның үлесіне тиетін болса, қазір оның үлесі 20-дан бір бөлігінен әзер асады,—деп атап көрсеткен журнал».

Батыс Германия жасақтарының бірлестігінің Мюлгеймдегі жергілікті комитеті мыңдаған листовкалар таратып, онда қаланың еңбекшілерін бонн билеушілерінің соғыс өзірліктеріне қарсы наразылық митингтеріне қатысуға шақырған.

Рейн мен Рур облыстарындағы Германия Коммунистік партиясының ұйымдары Париж соғыс келісімдеріне қарсы еңбекшілердің күрес апталығын өткізуге өзірлік жұмыстарын жүргізуде. Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы, Батыс Германия жастарын болашақ вермахтқа шақыруға қарсы күрес апталығын 10 январьдан 16 январьға дейін, сол сыяқты Солтүстік Рейн-Вестфалия жерінің «Жаратылыс достығы» жастар ұйымының бірлестігі де өткізеді.

Берлинде, Фридрихсгейн ауданында (Берлиннің демократиялық бөлігі) ерікті неміс жастары Одағының ауандық активінің жыйналысы болып, оған жастардан 400 адам, сонымен бірге батысберлиндік Веддинг ауданындағы ерікті неміс жастары Одағының өкілдері қатынасты. Активке қатысушылар Берлин жастарын Париж келісімдерінің бекітілуіне кедергі келтіруге шақырды.

Дрезденде дрездендік оқу орындары оқытушыларының митингісі болды. Митингке мыңға тарта адам қатынасты. Митингке қатысушылар Лейпциг, Краков, Штутгарт, Бордо мен Ковентридегі мамандығы жөнінде өздерінің қатарларына жататын адамдарға хат жолдап, оларды Париж келісімдерінің бекітілуіне бірлесе қарсы шығуға шақырған.

Батыс Германияны ремилитарландыруға және Париж соғыс келісімдеріне Батыс Германияның қоғам қайраткерлері мен діни қызметкерлері де, атап айтқанда, Вестфалиядағы евангелия шіркеуінің бастығы Д. Вильм мен Гессендегі пастор Г. Мохальский қарсы шыққан.

АДН агенттігінің Дюссельдорфтан берген хабарына қарағанда, бірлестік, бейбітшілік пен бостандық жолындағы күресуші немістер одағының бас секретары И. Вебер Батыс Германия жұртшылығын бонн бундестағы депутаттарының Париж келісімдерін қабылдамай тастауына жетісуге және Германияны біріктіру туралы келіссөздер жүргізуді талап етуге шақырған.

## ГЕРМАН МИЛИТАРИЗМІНІҢ ТУДЫРЫЛУЫНА ҚАРСЫ ДАНИЯДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР

КОПЕНГАГЕН, 10 январь. (СОТА). «Ланд От Фольк» газетінің хабарлауына қарағанда, пацифистік «Альдриг Мере Криг» ұйымының басқармасы мәлімдеме жасап, бұл мәлімдемеде Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарлары жөніндегі жұртшылықтың елеулі абырыжшылығына байланысты үкметті және Фолькетингті бүкіл халықтың дауыс беруіне қойылмастан бұрын бұл мәселе жөнінде ешқандай қарар қабылдамауға шақырған.


## Кинолардағы

«УДАРНИК» кинотеатрында

**«СҰРҚЫЯНЫҢ СУЫҚ ҚОЛЫН ҚЫРҚАМЫЗ»**

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

**«БАЙДЖУ БАВРА»**

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

Петропавлдың спирт комбинатына жүк тиеушілер, кочегарлар, темір ұстасы, темір жолды жөндеу және темір жол документтерін дайындау ісімен таныс транспорт бастығы КЕРЕК.

Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі 157-үйде тұрушы Жұманғали Назаров сол үйде тұрушы Шәрифә Қадыровадан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39: газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

**УШ 00403.** **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.**